



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

существуют профессиональные задачи. Ключевым звеном в осуществлении профессиональной деятельности педагога является решение данных задач. Решение задач не математическая привилегия, ввиду того, что человеческое познание есть непрекращающийся процесс постановки и разрешения новых задач, проблем, трудностей. "Задача" определяется как один из видов учебных заданий, направленных на повышение познавательной и практической активности учащихся (студентов) в учении и в труде.

Современные подходы по организации педагогического процесса в учебных заведениях различного уровня подразумевают широкое использование информационных технологий, в том числе и использование мобильного приложения – использования, независимого от времени, места и содержания учебного предмета. Компьютеризация учебного процесса повышает роль средств обучения и в отличие от традиционных форм организации учебного процесса такие средства превращаются в универсальные, что позволяет совершенствовать их на основе общих принципов, опираясь на концептуальные подходы к обучению.

Стремление к созданию современных электронных образовательных средств в духе концепции использования мобильного приложения наблюдается во всем мире. При этом принцип един: за счет электронных средств целенаправленно создается образовательное пространство, отвечающее некоторому запросу (общества или государства). В нем, как нам кажется, происходит формирование у обучающихся качеств и умений, таких, как медиаграмотность, критическое мышление, способность к решению творческих задач, умение мыслить глобально, готовность работать в команде и гражданское сознание – все, что так необходимо современному человеку.

В образовательной модели использования мобильного приложения информационные технологии используются для создания среды. Концепция подразумевает использование специально разработанного устройства, которым учащиеся и учителя могут пользоваться и в школе и дома. Наличие Интернета является обязательным компонентом этой учебной модели. Использование мобильного приложения отменяет необходимость создания специальных компьютерных классов и предоставляет учителю свободу обеспечивать учащихся онлайн приложениями по мере образовательных возможностей.

Список использованных источников

1. Википедия. Свободная энциклопедия [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki>
2. Дружилов С.А. «Профессиональная компетентность и профессионализм педагога: психологический подход». // Сибирь. Образование. – 2005. - №8. – С. 26-44
3. Игна О. Н. «Методические задачи в профессиональной подготовке учителя: содержание и классификации» / Общие вопросы народного образования и педагогики. – 2009. - №7. – С.21-22
4. Тутолмин А.В., «Становление и развитие творческой компетентности будущего учителя (на основе системного подхода)» Чебоксары.- 2009.-С.51
5. Понятие мобильного приложения. URL: <http://internetua.com/cto-takoe-mobilne-prilojeniia-i-kiber-ugroz-dlya-vladelcev-telefonov>.

ӘОЖ 004.42

1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕНІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сегізбаева Макпал Серікқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Ақпараттық технологиялар факультеті, «6М060200-Информатика» мамандығының 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.З.Андасова

XXI ғасыр - әлемдік қоғам өміріндегі жаһандық өзгерістердің орын алған ғасыры болғандықтан білім беру саласының алға жылжып, дамуы үшін компьютерлік технологияларды қолдану тиімді болып отыр.

Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз – оқу және оқу-әдістемелік материалдар жинағы, оқу қызметіндегі есептеуіш техниканың техникалық құралдары, олардың ролі мен орны туралы ғылыми білімнің жүйесін және оқытушылар еңбектерін жүзеге асыру үшін оларды қолдану формалары мен әдістері деген анықтама беруге болады.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны яғни компьютерді оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Оқу процесінде компьютерді тиімді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, мектеп оқушыларының өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылығын дамытуға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр. [1] Ақпарат көздерінде берілген эксперимент арқылы дәлелденген деректерге сүйенсек компьютерлік технологияны қолдану кезінде бала бір минутта 1 мыңға дейін шартты бірлік ақпаратты оңай қабылдап, өндей алады, ал көру органдары «қосылғанда» 100 мың шартты бірлік ақпаратты қабылдайды делінген. Осы орайда бірінші сынып оқушыларына жаңа ақпараттық технологияның керемет мүмкіндіктерін тіл мәртебесін көтеруде қолдануды мақсат еттім.

Қазіргі таңда тіл мәселесін шешуде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану тиімді әдіс ретінде алдыңғы қатарға шығып отыр. Тіл – қатынас құралы екені белгілі. Тілдік қарым-қатынас – ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Сөйлеу мен жазу белгілі бір нормаға негізделіп қалыптасады. Тіл тазалығын, тіл мәдениетін сақтау үшін кез келген адам сол нормаларды бұзбай сауатты жазу мен сөйлеуі тиіс.

«Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» үшінші бағытында «Дамыған тіл мәдениеті – зиялы ұлттың әлеуеті» деп тіл мәдениетіне ерекше мән берілген.

Ол үшін тіл мәдениетін, ұлт құндылығын сақтауға жас ұрпақты жастайынан тәрбиелеу қажет, яғни, тіл мәдениетін дамыту үшін өз ана тілінде сауатты сөйлей алатын, сауатты жаза білетін, ойын еркін білдіре алатын білімді ұрпақ тәрбиелеу маңызды. Міне осы ұрпақты тәрбиелеуде қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айту мен жазуға үйрететін автоматтандырылған жүйесін қолдану өте тиімді болып табылады.

Баланың дүниетанымын қалыптастыру үшін, оның ойлау, қабылдау, түйсіну қабілеттерін дамыту үшін сауатты жазудың және сауатты сөйлеудің маңызы ерекше. Жазуды үйренгенге дейін бала ең алдымен отбасында ана тілінің сөздерімен танысады, көргені мен естігенін көңілге тоқып түйсінеді, тілдің сөздері туралы түсініктер қалыптасады. Мектеп табалдырығын аттаған соң сауатты сөйлеуді, сауатты жаза білуді үйрене бастайды. Қазақ тілін үйрету үшін оқушы балаға тілдің фонетикалық жүйесін, сөздің орфоэпиялық нормаларын, күрделі сөздерді және оның мағыналарымен таныстыру, сөзді сөйлемде орнымен дұрыс қолдана білу, сөздерден сөйлемді дұрыс құрастыру сияқты күрделі ұғымдарды қызықты, ойын түрінде меңгерту қажет.

Сондықтан да, осы мақсатты жүзеге асыруда қазақ тіліндегі айтылуы мен жазылуы өзгешеленетін және күрделі сөздерді дұрыс айтуға және жазуға үйрететін автоматтандырылған жүйені қолдану көмекке келеді. Мектептегі сабақта да, үйде де қолдану мүмкіндігі болғандықтан, оның тиімділігі жоғары.

Жалпы мұндай технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмыс істеуіне;
- уақытын үнемдеуге көмектеседі;
- білім-білік дағдыларын тапсырмалар арқылы тексереді;
- қажетті ақпаратты жедел алуға мүмкіндік береді;

- экономикалық тиімді;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктерін оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.[2]

Әрбір оқушы тапсырмаларды көрнекі құралдар арқылы 20% ұштастырып орындаса, 10%, тыңдау, 40-50% оқыту процесінде оқушы белсенділігін арттыратын мүмкіндіктер жасалса, (тестілер шешіп, сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады), білімнің 70-80% есте сақталып, ақпараттың бала ойында қалу дәрежесі 90%-ға жетеді екен. Олай болса мәліметті есте сақтау қолданылатын әдіс-тәсілге байланысты. Сол әдіс-тәсілді компьютер арқылы түрлі суреттер, графикалық сызу, дыбыс, музыка тыңдау, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі.[3]

Қазақ тіліндегі сөздерді сауатты жазуға және дұрыс айтуға үйрететін автоматтандырылған жүйе жоғарыда аталып кеткендей бірінші сынып оқушыларына арналған. Автоматтандырылған жүйенің мақсаты – өз ана тілінде сауатты сөйлей алатын, ойын еркін білдіріп, сауатты жаза білетін ұрпақты тәрбиелеу үшін заманауи ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерін қолданып, қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айту мен жазуға үйрету. Автоматтандырылған жүйедегі оқыту материалдары балаға оның жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, қызықты, түрлі-түсті, оның қабылдауына ұғынықты формада беріледі. Жүйені қолдану арқылы баланың танымдық ой өрісі, есте сақтау қабілеті жетіліп, сөздік қоры молаяды. Баланы өз бетімен әрекеттенуге талпындырады, оқуға деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады және жағымды эмоциялық фон туғызады.

Автоматтандырылған жүйедегі балаға үйрететін сөздік қор бірінші сынып оқулықтарындағы (әліппе, математика, дүниетану) айтылуы және жазылуы күрделі сөздер мен ұлттық құндылықтарымызға байланысты сөздер негізінде құрылған. Сөздіктегі сөзді үйрену үшін алфавиттік ретпен таңдауға болады. Автоматтандырылған жүйе құрамы «Үйрету», «Жаңа сөздер үйренейік», «Жаттықтыру», «Тексеру» атты бірнеше бөлімдерден тұрады, соларға тоқталайық. «Үйрету» бөлімінде сөздердің орфографиялық және орфоэпиялық ережелерге сәйкес дұрыс айтылуы мен жазылуы көрсетіледі. Бала жаңа ұғымдармен таныса алады. Мұнда ұсынылған тізімнен сөзді таңдау арқылы сол сөзге сәйкес келетін сурет, дұрыс жазылуы көрсетіледі және айтылуы дыбысталады. Мысалы: құлын сөзінің жазылуы мен айтылуын үйрету үшін оның суреті көрсетіліп, жазылуы – «құлын», дыбыстық айтылуы – «құлүн» деп беріледі.

«Жаңа сөздер үйренейік» бөлімінде жүйеде балаға ұлттық құндылықтарды таныстыру, ұлттық тәрбие беру мақсатында танымдық материалдар қарастырылған, атап айтқанда бұл бөлім материалдары қазақтың ұлттық киімдерінің атауларымен, отбасы мен туыстық қатынастар тақырыбындағы ұғымдарды білдіретін сөздермен таныстырады.

Оқыту материалдары неғұрлым түсінікті болу үшін әрбір берілген теорияға түсіндірмелі сызбалар, жаттағыулар, сұрақтар, мысалдар жиынымен негізделген әдістеме болуы қажет. Оқытудың тиімділігін көтеру үшін компьютер ортасында әрбір оқушыға жаттығулар жиынындағы сұрақтарды ұсыну қажет. Оқыту жаттығулары – практикалық жаттығулардың орындалуы немесе кез келген сұрақтарды үйрету барысында ақыл-ой қызметін талап ететін оқушымен автоматтандырылған жүйенің кезкелген түрдегі қатынасы. Оқыту алгоритмінің типі :

- оқытудың мақсаты;
- материалдар құрылымы;
- оқытудың әдістемесі;
- аудиторияның дайындығы;
- компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндігі бойынша анықталады.[4]

Автоматтандырылған жүйедегі «Жаттықтыру» бөлімінде бірінші сынып оқушысының жас, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жасалған әр түрлі тапсырмалар беріледі. Бұл бөлімдегі берілген тапсырмаларды орындатып, жаттықтыру арқылы «Үйрету» бөлімінен алған білім бекітіледі, баланың үйренген сөздерді дұрыс жазу

және дұрыс айту дағдысы қалыптасады.

Тапсырманың түрлерінің мысалдары:

- суретте көрсетілген заттың атауын дұрыс жазу;
- айтылуы мен жазылуында айырмашылықтары бар сөздердегі бос орын қалдырылған жерге дұрыс айтылуы мен жазылуына берілген әріптердің ішінен сәйкес әріптерді қою немесе пернетақтадан енгізу;

- ң, ғ, ұ, ү, ө, і, й, я, ю әріптері кездесетін сөздердің дұрыс жазылуы бойынша жаттығулар және т.б. тапсырмалар беріледі.

Баладан бұл тапсырмаларды орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтай отырып орындау талап етіледі. Сонымен қоса, ұлттық құндылықтарға байланысты үйренген жаңа сөздерді бекіту тапсырмаларын орындауға болады, яғни суреттерден мозаика құрастыру, берілген киіз үй элементтерінің суреттерінен киіз үй суретін құрау, қуыршақтарды ұлттық киімдермен киіндіру сияқты, сонымен қатар туыстық қатынастарға қатысты ұғымдарды ажырата білуге үйрететін тапсырмалар беріледі. «Тексеру» бөлімінде баланың «Үйрету» және «Жаттықтыру» бөлімдерінен алған білімі тексеріледі. Мұнда бала өзін-өзі тексеруге мүмкіндік алады. Жүйенің интерфейсінде бұлардан басқа «Іздеу», «Көмек» сияқты жұмыс режимдері де қарастырылған. Сөздерді алфавит әріптері бойынша да, сөзді енгізу арқылы да іздеу мүмкіндігі қарастырылған. Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтумен жазуға үйрететін автоматтандырылған жүйе:

- Аудио дыбыс арқылы сөздерді дұрыс айтуға үйретеді;
- Сөздердің жазылуын көрсетеді;
- Балалардың сөздік қорын молайтады;
- Жаңа ұғымдармен таныстырады;
- Танымдық ой-өрісін кеңейтеді;
- Сөздердің дұрыс жазылуын және айтылуын тексеріп көруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, біздің қоғамда қазақ тілін білмейтін өзге ұлтты санамағанда, өз ана тілін жетік білмейтін ата-аналар да баршылық. Осы ата-аналар үшін баласын қазақ тілінде дұрыс сөйлеуге және жазуға үйретуде және орыс тіліндегі интернет құралдары мен теледидир бағдарламалары әсерінен өз ана тілінде сөйлеуі тежеліп, қазақ сөзін түсіну қабілеті төмендеп кеткен балалар үшін де бұл автоматтандырылған жүйе керекті құрал болып табылады. Тіл кемістігі бар балалар үшін қосымша құрал ретінде пайдалануға да болады.

Автоматтандырылған жүйенің программалық іске асуы кроссплатформалылықты қарастырған, бұл оның кез келген ақпараттық технология құралы арқылы қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Ұлт дамуының өркениетке жетуі үшін ой-өрісі жаңашыл, дүниетанымы жоғары жан-жақты қалыптасқан, ұлттық құндылығымызды қастерлейтін, қазақ тілін сақтағансауатты жеке тұлға тәрбиелеу маңыздылығын ескерсек, қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айту мен жазуға үйрететін бұл автоматтандырылған жүйе аса қажет, әрі тиімді оқыту құралы.

Қолданылған әдебиет

1. Иманбекова Б., Әбдіреймова К, Мазаржанова Қ. «Сабақ – оқытудың негізгі формасы». Алматы, 2003 жыл, 102 б.
2. Кожанова Б.С. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық технологияларды қолдану.
3. Нурмухаметова С.С., Бастауыш сыныптарда ақпараттық-технологияларды пайдалану және электронды оқулықтың маңыздылығы.
4. В.А. Красильников, Использование информационных и коммуникационных технологий в образовании. – М.:Оренбург, 2012, 121-б.